

Бескөл ауылдық округіндегі көше атауларын өзгерту туралы

Алматы облысы Алакөл ауданы Бескөл ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 03 мамырдағы N 15 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Алакөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 10 маусымда N 2-5-97 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармағына сәйкес, Алакөл аудандық қоғамдық ономастика комиссиясының келісімі негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Бескөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ** **ЕТЕДІ:**

1. Бескөл ауылдық округіне қарасты Бұлақты ауылындағы Юбилейная көшесі Тоқшара Қазанғапов, Советская көшесі Қабдығали Қайыров, Молодежная көшесі Қаметбазар Сарсембаев, Комсомольская көшесі Ғабит Мүсірепов, Дружба көшесі Базарбек Есалы, Каз ССР 50 лет көшесі Айназар Бадақұлы, Центральная көшесі Темірхан Бүтіншінов көшесі атауларына өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау және іс жүзіне асыру Бескөл ауылдық округі әкімінің орынбасары Серікжан Нұрғазыұлы Атажановқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Б е с к ө л а у ы л д ы қ

округінің әкімі:

С.А. Сасанов